

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1201 конференц-зал, 12-ші қабат мекен-жайы бойынша 2015 жылғы 26 қарашада 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Аппараттың басшысы Мәлік Оралұлы Сәулебай Жиналыстың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның санақ комиссиясының төрағасы Райымбек Ерден Ғалымұлына сөз берді.

Санақ комиссиясының төрағасы «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2015 жылдың 23 қазанындағы жағдай бойынша Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, олардың ішінде басымдықты акциялар – 4 136 107 дананы, қарапайым акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын мәлімдеді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1 бабының 8) тармақшасына сәйкес Қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналдық ұстаудағы және ол туралы мәлімет орталық депозитарийдің есебі жүйесінде жоқ меншік иесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың санына кірмейді. Меншік иелеріне тиесілі, Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде олар туралы мәлімет жоқ қарапайым акциялардың саны 22 567 дананы құрайды.

Жиналыста ірі акционер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның өкілеттендірілген өкілі мен қарапайым акциялардың номиналды ұстаушысының өкілі қатысып отырғандығы тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45 бабының 1-тармағының негізінде, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке оған қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар, жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқы бар.

1. 43 087 006 қарапайым акциялардың иесі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның атынан ҚМГ ҰК-ның өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары Тебериков Дамир Данильбекұлы (2015 жылғы 18 қарашадағы № 110-106 сенімхат бойынша) қатысты;

2. Қарапайым акциялардың номиналды ұстаушысы Deutsche Bank Trust Company Americas-тың (Қоғамның депозитарлық банкі) атынан 13 667 603 қарапайым акциялар иелерінің өкілі ретінде Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2015 жылғы 18 қарашадағы нөмірсіз сенімхат бойынша) қатысты.

Жиыны: Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 84 %-ын иеленетін, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар акционерлердің («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Deutsche Bank Trust Company Americas) екі өкілі қатысып отыр.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Сәулебай М.О. Қоғам Жиналысының төрағасы етіп ҚМГ ҰК-ның өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары Тебериков Дамир Данильбекұлын сайлауды

ұсынды. Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының төрағасы болып - ҚМГ ҰК-ның өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары Тебериков Дамир Данильбекұлы сайлансын.

Сәулебай М.О. Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлын Қоғам Жиналысының хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының хатшысы болып Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы сайлансын.

Бұдан кейін, Жиналыс төрағасы Д.Д. Тебериков Жиналыстың төрағасы Қоғамның Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қорғамдар туралы» Заңының 50-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды: 1) акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әр адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық міселелері бойынша бір дауыстан беру жағдайларын қоспағанда «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қорғамдар туралы» Заңының 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі мен Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нышаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

Қоғам Жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша ашық тәсілмен дауыс беру нысаны белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Тебериков Жиналыстың регламентін белгілеу мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. А.Н. Жексенбиев күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Тебериков күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев 2015 жылдың 6 қазанында Қоғамның Директорлар кеңесі Жиналыс шақыру туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2015 жылдың 8 қазанында «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Күн тәртібіне толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізу туралы ұсыныс түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

1. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының сандық құрамын, өкіленттік мерзімін белгілеу және есептеу комиссиясының мүшелерін сайлау;
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Ірі акционерлерден күн тәртібін толықтыру және өзгерту туралы ұсыныстар түскен жоқ.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныстар түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 56 754 609 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 754 609 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

- 1) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының сандық құрамын, өкіленттік мерзімін белгілеу және есептеу комиссиясының мүшелерін сайлау;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлына сөз берді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36 бабының 1-тармағының 4) тармақшасы мен Қоғам Жарғысының 11 тарауының 11.1 тармағының 7) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе жатады.

Жұмыс істеп тұрған есептеу комиссиясының өкілеттігі мерзімінің аяқталғанын назарға ала отырып, Қоғамның есептеу комиссиясының жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттігі мерзімін үш жылға – 2015 жылдың 26 қарашасынан бастап 2018 жылдың 26 қарашасын қоса алғандағы мерзімге белгілеу ұсынылады.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 56 754 609 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 55 675 884 дауыс;
- «Қарсы» - 1 045 394 дауыс;
- «Қалыс» - 33 331 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есептеу комиссиясының сандық құрамы – 3 адамға белгіленсін.

2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы есептеу комиссиясының өкілеттігі мерзімі -2015 жылдың 26 қарашасынан бастап 2018 жылдың 26 қарашасын қоса алғанда үш жылға белгіленсін.

3. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының есептеу комиссиясы мына құрамда сайлансын:

1) Райымбеков Ерден Ғалымұлы – Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің комплаенс жөніндегі бақылаушысы;

2) Аяғанова Гүлнар Октябрьқызы - Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің аға талдаушысы;

3) Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызы - Қоғамның корпоративтік хатшысы қызметінің аға талдаушысы.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков Жексенбиев Айдар Нұрланұлына сөз берді.

Қоғам Жарғысының 11 тарауының 11.1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау Қоғам акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Жарғысының 12.9 тармағына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындардың болмауы жағдайында) тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса алғанда кемінде 8 (сегіз) адамды құрауы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 54 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады. Қоғам Жарғысының 12.6 тармағының 3) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің мүшелері басқа адамдардың қатарынан сайланады (Жарғының 12.8 тармағымен

белгіленген шектеулер ескеріле отырып: «Қоғам Басқармасының басшысының басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Бас директор (басқарманың төрағасы (Директорлар кеңесінің төрағасы болып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды»).

1. А.А. Нұрсейітовтың Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы), сондай-ақ Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқталуына байланысты, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Қоғам Жарғысының жоғарыда көрсетілген тармақтарына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешімі қажет.

Қоғамның директорлар кеңесінің тағайындаулар жөніндегі комитеті директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлын тұрастай алғанда Қоғамның директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлауды ұсынуға ұсыныс жасауға шешім қабылдады (2015 жылғы 23 қыркүйектегі №5 хаттама).

2. Бұдан басқа, директорлар кеңесі мүшесі жолдаған жазбаша құлақтандырудың негізінде 2015 жылдың 20 қазанынан бастап Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі К.Хилманның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Осыған байланысты, Қоғамның ірі акционері – ҚМГ ҰК пайда болған Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің бос орнына ҚМГ ҰК-нің өкілі ретінде ҚМГ ҰК-нің операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – бас инженері Гончаров Игорь Валерьевичтің кандидатурасы ұсынылды (2015 жылғы 22 қазандағы № 101-10/5592 хат).

Қоғамның директорлар кеңесінің тағайындаулар жөніндегі комитеті директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысына ҚМГ ҰК-нің операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – бас инженері Гончаров Игорь Валерьевичті тұрастай алғанда Қоғамның директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне ҚМГ ҰК-нің өкілі ретінде Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлауға ұсынуға шешім қабылдады (2015 жылғы 27 қарашадағы № 6 хаттама).

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар туралы ақпараттық парақтар Жиналыстың материалына қоса берілді.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағы мен 54 бабының 3 тармағына сәйкес директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түскен жағдайда дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 56 754 609 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 664 089 дауыс;
- «Қарсы» - 57 189 дауыс;
- «Қалыс» - 33 331 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Мына адамдар тұрастай алғанда директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына сайлансын:

- Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы (Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы));
- Гончаров Игорь Валерьевич (акционердің өкілі).

Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылданғаннан кейін Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков акционерлерге Жиналысқа қатысқаны үшін алғыс айтты және Жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның Жиналысы 11 сағат 00 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Тебериков

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

А. Жексенбиев

Санақ комиссиясының
мүшелері:

Е. Райымбеков

Г. Аяғанова

А. Әлиакпарова

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Д. Тебериков

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

А. Аманжолова